

## Абай облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 63 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 наурыздағы № 180 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2026 № 180 қаулысымен.**

Абай облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Абай облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Абай облысының әкімдігі және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. "Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 қазандағы № 742 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 31 қаңтардағы  
№ 63 қаулысымен  
бекітілген

## Абай облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары

### Кіріспе

Абай облысы өнеркәсіптік өңір болып табылады, өңір экономикасының негізін тау-кен өндіру саласы құрайды. Облыстың өнеркәсіп өнімінің көлемінде оның үлесі 58,1 %-ды құрайды.

Саланың ірі кәсіпорны көмір өндіретін "Қаражыра" АҚ болып табылады, бағалы металдар мен мыс кендерін өндірумен жалпы көлемі 570 млрд теңге болатын 6 кәсіпорын айналысады, оның ішінде: "Алел" ҚИК" АҚ (2021 жылғы өндіріс көлемі – 2 203 кг), "KAZ Minerals Aktogay" ЖШС (56 644,1 мың тонна), "Gold Minerals" ЖШС (696,3 тонна кен), "Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны" ЖШС (11,2 тонна алтын, 2 177,0 мың тонна кен өндіру), "Шығыстүстімет" ЖШС (2 397,6 мың тонна мыс-мырыш кені), "Горняк" ЖШС (алтын өндіру).

Энергетикалық кешен Шүлбі гидроэлектр станциясын, 2 жел электр станциясын және ЖЭО-ны қамтиды.

Сондай-ақ облыс металлургияны, жеңіл, тамақ өнеркәсібі мен машина жасауды дамыту әлеуетіне ие. Қолда бар минералды базаны және кадрлық әлеуетті пайдалана отырып, жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға болады.

Облыс табиғи пайдалы қазбаларға бай және өнеркәсіпте өндірісті дамыту үшін инвесторларға тартымды болып табылады.

Абай облысының аумағында пайдалы қатты қазбалардың 7 резервтік кен орны бар: 6 алтын кен орны және 1 уран кен орны. Кен орындарының ең көп үлесі Жарма ауданында (4 кен орны) орналасқан.

Облыста жер қойнауын пайдаланудан бос пайдалы қазбалардың 77 кен орны бар: әк жағуға арналған карбонатты шикізат, қыш саздар, минералды бояулар, құрамында кварц бар шыны шикізат, пайдаланылған кеңістікті толтыруға арналған минералды шикізат, керамзит және аглопорит шикізаты, отқа төзімді саздар, перлит шикізаты, құрылыс тастары, құм-қиыршықтас материалы, цемент шикізаты, табиғи және беткі тастар, кірпіш шикізаты, құрылыс құмдары, графит.

Абай облысы бойынша пайдалы қазбаларды байыту қорларының ең үлкен үлес салмағын кірпіш шикізаты – 177,5 мың тонна, цемент шикізаты – 124,1 мың тонна, құм-қиыршықтас материалы – 67,2 мың тонна және құрылыс құмы – 51,6 мың тонна құрайды.

2022 жылғы 1 жартыжылдықта ЖӨӨ 871,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3 %-ға өсті.

ЖӨӨ-дегі өнеркәсіптің үлес салмағы 37,5 %-ды, көтерме және бөлшек сауда – 9,2 %-ды, ауыл шаруашылығы – 7,7 %-ды құрайды.

2022 жылы облыс халқының саны 610,4 мың адамға жетті, урбандалу деңгейі – 60,5 %.

Соңғы 3 жылда экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 1,5 мың адамға, 330,7 мың адамнан 329,2 мың адамға дейін азайды.

2022 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша инвестициялар көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 107,5 % өсу қарқынымен шамамен 257 млрд теңгені құрады немесе 17,9 млрд теңгеге артық (2021 жылғы 9 айда – 239,1 млрд теңге).

Инвестициялардың өсуі бюджеттік инвестициялардың және мынадай: "SHARCEM" ЖШС-ның "Жарма ауданында жылдық өнімділігі 1,2 млн тонна цемент зауытын қалпына келтіру және жаңғырту", "Көкпекті ауданында 1543 га алаңда суару жүйелерін салу (17 жаңбырлату машинасын орнату), "Елімай Көкпекті" ЖШС", "Силикат" ЖШС-ның "Беткі силикат кірпішін дайындау жөніндегі жабдықты жаңғырту", "Қазполиграф" ЖШС-ның "Күрделі конфигурациядағы гофрленген бұйымдарды өндіру желісін іске қосу" және т. б. жеке жобаларды іске асыру есебінен байқалады.

Жалпы өңір солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстырып тұрғандықтан, Қазақстанның логистикалық орталығына айналу әлеуетіне ие. Алайда инфрақұрылым мен жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы тежегіш фактор болып табылады.

Ішкі туризм мультипликативті әсері бар облыстың экономикалық өсу драйверлерінің бірі бола алады.

Осы саланың әлеуетін іске асыру үшін туристік маршруттар бойынша жол инфрақұрылымын жетілдіру және жол бойындағы сервисті дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Өңірде танымдық, ғылыми және этникалық, іскерлік, спорттық, мәдени-оқиғалық туризмнің негізі ретінде қарастыруға болатын бай тарихи-мәдени мұра бар.

Облыста Қазақстанның ең ірі музейлерінің бірі – "Жидебай-Бөрілі" Абай музейі бар. Семей қаласында оны Қазақстанның тарихи орталығы ретінде көрсететін тарихи-мәдени объектілер, оның ішінде "Алаш Арыстары" музей үйі, Невзоровтар отбасы атындағы облыстық бейнелеу өнері музейі, Ф.М. Достоевский атындағы әдеби-мемориалдық музей үйі, Абай мемлекеттік тарихи-мәдени музейі және тағы басқалар орналасқан.

Туристендіру картасына республикалық ауқымдағы басым туристік объектілердің бірі ретінде Алакөл көлі кірді.

Абай облысының Бесқарағай ауданының солтүстік-батыс бөлігінде Шошқалы көлі орналасқан, ондағы тұздың концентрациясына байланысты оны Израильдегі Өлі теңізбен салыстырады.

Аягөз өзенінің оң жағалауында қазақ аңыздарының ең танымал және сүйікті кейіпкерлерінің құрметіне салынған "Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу" мазары алыстан көз тартады.

Шұлбі су қоймасының жағалауы жағажай демалысы үшін тартымды орын болып табылады.

Абай ауданындағы Қоңыр әулие үңгірі туризм мен қажылықтың танымал орны болып табылады, ол адамдарды өзінің емдік қасиеттерімен тартады.

Ақсуат ауданынан солтүстік-батысқа қарай 63 км жерде орналасқан XIX ғасыр құрылысы Ырғызбай ата кесенесі Қазақстанның 100 киелі объектісінің тізіміне енді.

"Семей – Қарауыл" трассасында аңызға айналған ғашықтар жұбына құрмет ретінде салынған "Еңлік-Кебек" кесенесі орналасқан.

Облыс аумағында "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты бар, оны танымдық туризм ретінде қарастыруға болады.

Республикалық және халықаралық деңгейдегі іскерлік, мәдени, спорттық және басқа да кең ауқымды іс-шараларды өткізу қонақүй қызметтеріне сұранысты арттырады, бұл тиісінше заманауи элиталық қонақүй кешендерінің құрылысына серпін береді.

Бөлшек тауар айналымының көлемі 2022 жылғы 9 айда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 118 %-ға өсу қарқынымен 284,2 млрд теңгені құрады немесе 43,2 млрд теңгеге артық (2021 жылғы 9 айда – 241 млрд теңге). НКИ 103,4 %-ды құрады.

Тауар айналымын ұлғайту мақсатында 2027 жылға қарай "Магнум" супермаркетін орналастыра отырып, "Арман" сауда үйін іске қосу және "Semey mall" көпфункционалды сауда ойын-сауық орталығының құрылысын аяқтау жоспарланған.

Білім беру саласында 100,5 мың оқушы контингенті бар 307 жалпы білім беретін мектеп бар. Үш ауысымды мектептер жоқ, авариялық жағдайдағы мектептер саны – 2.

Сонымен қатар облыс бойынша 8,7 мың оқушы орны, оның ішінде Семей қаласында – 21 мектепте 4856 орын, Аягөз қаласында – 9 мектепте 1770 орын тапшылығы бар.

510 орындық шағын жинақты 510 орынға арналған 6 мектеп салу және 2100 орындық 6 мектепте қосымша құрылыс салу қажеттілігі бар.

Сондай-ақ облыс бойынша 157 мектепке дейінгі мекеме және жалпы 25611 баланы қамтитын 197 шағын орталық жұмыс істейді. Облыстың мектепке дейінгі

ұйымдарына кезекте 0-ден 6 жасқа дейінгі 6012 бала, 2-ден 6 жасқа дейінгі 4796 бала тұр.

Облыстың кәсіптік-техникалық және жоғары білімі жалпы контингенті 36,9 мың студент болатын 37 колледж бен 3 жоғары оқу орнын қамтиды.

Денсаулық сақтау саласында соңғы үш жылдағы серпін халықтың, сәбилердің, аналардың және онкологиялық науқастардың жалпы өлім-жітім деңгейінің өскенін көрсетеді.

2022 жылы аналар өлім-жітімінің жоғары деңгейі сақталып отыр – 100 мың тірі туғанға шаққанда 30, сәбилер өлім-жітімі – 1000 тірі туғанға 6,2, қатерлі ісіктерден 334 өлім тіркелді.

Негізгі проблема – қанағаттанарлықсыз экология, аудан орталықтарында заманауи медициналық мекемелердің болмауы, дәрігерлік кадрлардың тапшылығы (150 маман), медициналық ұйымдардың төмен деңгейде жарақталуы.

Экологияның негізгі мәселелері тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату технологияларының болмауы, қалалар мен елді мекендердегі заңсыз қоқыс үйінділерінің көбеюі, автокөлік құралдары санының өсуіне байланысты атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейі болып табылады.

Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының (жалпы ұзындығы 4527 км) 18 %-ы (813 км) қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Сондай-ақ халықтың әртүрлі топтарының тұрғын үй мәселелерін кешенді шешу өзекті мәселе болып табылады, өйткені 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыс бойынша тұрғын үй алуға кезекте 18,7 мың адам тұр. Соңғы 3 жылда 1,7 мыңға жуық отбасы баспана алды.

Сонымен қатар облысты әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар 2025 жылға дейінгі ұлттық жобалар шеңберінде де көзделген. Мәселен, Абай облысы бойынша ұлттық жобалар шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттен 136,7 млрд теңге сомасына 36 іс-шараны іске асыру көзделген, оның ішінде:

"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасында 10,2 млрд теңге сомасына 2 іс-шара (2023 жылы – 1,9 млрд теңге, 2024 жылы – 3,7 млрд теңге, 2025 жылы – 4,6 млрд теңге);

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасында 45,7 млрд теңге сомасына 2 іс-шара (2023 жылы – 8,0 млрд теңге, 2024 жылы – 16,8 млрд теңге, 2025 жылы – 20,9 млрд теңге);

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобада 30 млрд теңге сомасына 13 іс-шара (2023 жылы – 13,1 млрд теңге, 2024 жылы – 7,8 млрд теңге, 2025 жылы – 9,1 млрд теңге);

"Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу" ұлттық жобасында 1,5 млрд теңге сомасына 6 іс-шара (2023 жылы – 1,1 млрд теңге, 2024 жылы – 0,4 млрд теңге);

"Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасында 38,1 млрд теңге сомасына 11 іс-шара (2023 жылы – 20,4 млрд теңге, 2024 жылы – 10,5 млрд теңге, 2025 жылы – 7,2 млрд теңге);

"Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасында 400 млн теңге сомасына 1 іс-шара (2023 жылы – 400 млн теңге);

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасында 10,8 млрд теңге сомасына 1 іс-шара (2023 жылы – 9,7 млрд теңге, 2024 жылы – 1,1 млрд теңге).

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сондай-ақ өңірдің демографиялық ілгерілеуі мен тұтастай алғанда облыстың дамуы оң серпінге ие екенін назарға ала отырып, бірінші кезекте халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, әлеуметтік саланы, тұрғын алаптарды, инфрақұрылым мен жол саласын дамыту, сондай-ақ өңірдің экологиясын жақсарту жөніндегі тиісті шаралар қабылдау талап етіледі.

### **Абай облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары**

2028 жылға қарай күтілетін нәтижелер:

ЖӨӨ номиналды мәнде 1,9 трлн теңгеден (2021 жыл) 3,2 трлн теңгеге дейін (2027 жыл) өседі;

өнеркәсіп көлемі 1,5 есе ұлғайып, 1,4 трлн теңгені құрайды (2021 жылы – 898,4 млрд теңге), оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,7 есе ұлғаяды және 594,4 млрд теңгені құрайды (2021 жылы – 339,8 млрд теңге);

ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,5 есеге артып, 725,9 млрд теңгені құрайды (2021 жылы – 474,7 млрд теңге);

негізгі капиталға инвестициялар 3,5 есе артып, 1 287,9 млрд теңгені құрайды (2021 жылы – 365,6 млрд теңге);

ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны 34 %-ға артып, 118,7 мың адамды құрайды (2021 жылы – 88,5 мың адам);

Кешенді жоспарды іске асыру кезеңінде шамамен 14 мың жұмыс орны құрылады;

жұмыссыздық деңгейі 4,8 %-ға дейін төмендейді;

шалғайдағы елді мекендердің халқын өрт сөндіру бекеттерімен қорғау деңгейі 78,1 %-дан 93,8 %-ға дейін ұлғаяды;

2100 орынға арналған 9 мектепке дейінгі мекемені пайдалануға беру есебінен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 % қамтылатын болады;

5700 орындық 11 орта мектеп, 510 орындық 6 шағын жинақты мектеп, 200 орындық 1 интернат, 2 100 орындық 9 балабақша, 2 спорт залы салынады, сондай-ақ 27 білім беру объектісіне күрделі жөндеу жүргізіледі;

көпфункционалды орталықты (оқушылар сарайын) пайдалануға беру есебінен оқушыларды қосымша біліммен қамту 92 %-ға дейін өседі (2021 жылы – 75,1 %); сәбилер өлім-жітімі 0,3 %-ға азаяды (6,2-ден 5,9 %-ға дейін);

2025 жылға қарай аналар өлім-жітімі 2 есе төмендейді (100 мың тірі туғанға 30-дан 14-ке дейін);

медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне халықтың қанағаттану деңгейі 5,8 %-ға ұлғаяды (60,5-тен 64 %-ға дейін);

ТМҚКК және МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейдегі медициналық көмек көлемі 59 %-дан 59,7 %-ға дейін кеңейтіледі;

туған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 1 %-ға артады (72,6 жастан 73,9 жасқа дейін);

65 алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісі салынады;

дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтарды қамту 50 %-ға жетеді (2021 жылы – 30 %);

16,4 км жылу желілері, 271,9 км су құбыры желілері, 288,2 км кәріз желілері жаңғыртылатын болады;

қолданыстағы 4 қазандықты реконструкциялау арқылы жылу қуаты сағатына 164 Гкал, сонымен қатар су алу өнімділігі тәулігіне 32,4 мың м<sup>3</sup> 63,0 мың м<sup>3</sup> дейін ұлғаяды.

су құбыры желілерінің тозуы 51 %-дан (2021 жыл) 29,3 %-ға (2027 жыл) дейін төмендейді;

ауыл халқы 100 % ауыз суға қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі;

ағынды суларды тазарту деңгейі 67,7 %-дан (2021 жыл) 100 %-ға дейін (2027 жыл) артады;

облыстық және аудандық маңызы бар 1 465 км автомобиль жолы мен Семей және Курчатов қалаларының 530 км жолы жөнделеді;

жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 82 %-дан (2021 жыл) 97 %-ға (2027 жыл) дейін артады.

--	--	--	--	--	--	--

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі (млн теңге)	Қаржыландыру көздері
Өнеркәсіп						
1.	Тау-кен байыту комбинатын одан әрі салумен "Айдарлы" мыс кен орны мен "Жанар" жерасты сулары кен орнын өнеркәсіптік игеру	пайдалануға беру актісі	2027 жыл	Абай облысының әкімдігі	560 500	БК
2.	Көкентау ауылдық округіндегі Суздаль кен орнында металлургиялық зауыттың СІЛ учаскесі үшін көмірді десорбциялау және электролиз цехын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	2 344,4	БК
3.	Берқара кен орны базасында руда өндіру және оны катодты мысқа қайта өңдеу зауытын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	12 000	БК
4.	Құрамында алтын бар шикізатты электрмен хлорлау технологиясы бар тәжірибелік металлургиялық зауыт салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	772,1	БК
	Хромиттерді байыту және жоғары					

5.	көміртекті феррохром өндіру зауытын салу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	А б а й облысының әкімдігі	33 818	БК
6.	Алдын ала окшауланған құбырлар шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	А б а й облысының әкімдігі	550	БК
7.	Күнбағыс майын құю және өлшеп-орау желісі бар өңдеу цехын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	4 857	БК
8.	Пайдалы қазбаларды анықтау үшін облыс аумағында кең ауқымды барлауды және геологиялық іздестірулерді жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2023 жыл	ИИДМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), ЭМ, ЦДИАӨМ, А б а й облысының әкімдігі	957,5	РБ
			2024 жыл		2 734	
			2025 жыл		4 172,2	
			2026 жыл		4 650	
			2027 жыл		2 750	
<b>2. Агроөнеркәсіптік кешен және азық-түлік қауіпсіздігі</b>						
9.	Семей қаласында, Көкпекті, Ақсуат, Үржар, Жарма аудандарында суару жүйелерінің жабдықтарын сатып алу және суару учаскелеріне инфрақұрылым салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	3 776	БК
			2024 жыл		6 100,4	
			2025 жыл		3 700	
	Жарма ауданында қуаты жылына 200 тонна түйіршіктелген жемшөп		2023 жыл		3 174,4	
					3 174,4	

10.	өндіру және қайта өңдеу кешенін салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	А б а й облысының әкімдігі		БК
11.	Семей қаласында қуаты ауысымына 35 тонна ет және ет өнімдерін қайта өңдейтін ет комбинатын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	4 897,5	БК
			2024 жыл		4 897,5	
12.	Қуаты жылына 600 тонна ет және балық өнімдерін консервілеу цехын ашу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	130	БК
			2024 жыл		130	
13.	Бесқарағай ауданында қуаты жылына 3,6 мың тонна 1200 орынға арналған сүт-тауар фермасын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	А б а й облысының әкімдігі	7 000	БК
14.	Жарма ауданында қуаты жылына 1,8 мың тонна 600 басқа арналған сүт-тауар фермасын салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	А б а й облысының әкімдігі	3 500	БК
	Бородулиха, Ақсуат, Жарма аудандарында а у ы л		2023 жыл		2 916,5	
			2024 жыл		5 615,5	

15.	шаруашылығы жануарларының тектік қорын жақсарту	АШМ-ге ақпарат	2025 жыл	Абай облысының әкімдігі	360	БК
16.	Семей қаласында, Бородулиха, Жарма аудандарында ауыл шаруашылығы өндірісін жаңғырту (реконструкциялау)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	884	БК
			2024 жыл		600	
			2025 жыл		150	
17.	Бесқарағай ауданында қуаты жылына 162 тонна 1000 басқа арналған бордақылау алаңын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	1 500	БК
18.	Жарма ауданында қуаты жылына 162 тонна 1000 басқа арналған бордақылау алаңын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	200	БК
	Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін "Семей" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" АҚ		2023 жыл	Абай облысының әкімдігі,	18 000	РБ
			2024 жыл		18 000	
			2023 жыл		2 000	
					2 000	

19.	жарғылық капиталын толықтыру	акциялар эмиссиясы	2024 жыл	А Ш М , Қаржымині		ЖБ
20.	Аудандарда мал қорымдарын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	138	ЖБ
			2024 жыл		138	
			2025 жыл		222	
			2026 жыл		300	
			2027 жыл		300	
21.	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	1 287	ЖБ
			2024 жыл		1 300	
			2025 жыл		1 300	
			2026 жыл		1 300	
			2027 жыл		1 300	
3. Кәсіпкерлік пен туризмді дамыту						
22.	Семей қаласында 2 сауда ойын-сауық орталығын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	350	БК
			2025 жыл		3 400	
23.	Семей қаласында ауданы 3200 шаршы метр сауда үйін іске қосу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	500	БК
24.	Семей қаласында бес жұлдызды қонақүй салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	А б а й облысының әкімдігі	12 000	БК
			2025 жыл		12 000	
25.	Алакөл көлінің жағалауында қонақүй кешенін салу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	А б а й облысының әкімдігі	6 126	БК
	Алакөл көлінің жағалауында					

26.	"Alakol Aqua Resort" демалыс базасын салу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	А б а й облысының әкімдігі	6 400	БК
27.	"Alazone Arena" концерт алаңын кеңейту аясында үш қонақүй мен мейрамхана салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	А б а й облысының әкімдігі	250	БК

4. Көлік және логистика

28.	А б а й облысының жергілікті маңызы бар көпірлерін салу және реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ҰЭМ, А б а й облысының әкімдігі	1 715	РБ				
			2025 жыл		2 000					
			2026 жыл		2 700					
			2027 жыл		6 032					
							2024 жыл		171	ЖБ
							2025 жыл		200	
							2026 жыл		270	
							2027 жыл		603,2	
29.	А б а й облысының облыстық және аудандық маңызы бар көпірлерін салу және реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	2 000	РБ				
			2024 жыл		12 450					
			2025 жыл		10 975					
			2026 жыл		3 600					
							2023 жыл		200	ЖБ
							2024 жыл		1 200	
							2025 жыл		1 200	
							2026 жыл		400	
30.	"Аягөз – Бақты – Қытай шекарасы" учаскесінде темір жол салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	"ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	Т Э Н шеңберінде нақтыланатын болады	БК				
			2025 жыл							
	Көлік дәліздерін дамытуды қамтамасыз ету үшін Абай облысы		2026 жыл	ИИДМ ( жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "ҚТЖ" ҰК АҚ	10 000					

31.	аумағында "Құрғақ порт", "Логистикалық парк" жобаларын іске асыру	пайдалануға беру актісі	2027 жыл	(келісу бойынша), Абай облысының әкімдігі, "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісу бойынша)	10 000	БК
32.	Семей қаласындағы "Кедентранссервис" АҚ жүк учаскесі базасында көлік-логистикалық қуаттарды дамыту	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	"ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісу бойынша), ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	16	БК
			2024 жыл		2 033	
33.	Үржар ауылында әуежай терминалын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі, ИИДМ	810	РБ
			2025 жыл		990	
			2024 жыл		90	ЖБ
			2025 жыл		110	
34.	Семей қаласында автожолдар салу және реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ҰЭМ, Абай облысының әкімдігі	2 000	РБ
			2025 жыл		1 800	
			2026 жыл		2 800	
			2027 жыл		6 692	ЖБ
			2024 жыл		200	
			2025 жыл		180	
			2026 жыл		280	
2027 жыл	669,2					
35.	Жолдарды күрделі және орташа жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	9 923,1	ЖБ
			2024 жыл		9 978,9	
			2025 жыл		9 978,9	
			2026 жыл		10 000	
			2027 жыл		10 000	
	"Семей – Ақтау – Семей", "Семей – Атырау – Семей", "Семей – Шымкент –		2024 жыл		1 165	
			2025 жыл		1 165	

36.	Семей", " Павлодар – Ұржар – Павлодар" авиамаршруттарына субсидиялау	бюджеттік субсидиялау шарты	2026 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	1 165	РБ
5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық						
Жылумен жабдықтау						
37.	Семей қаласында ЖЭО-3 салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ЭМ, " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), Абай облысының әкімдігі	257	БК
			2024 жыл		31 500	
			2025 жыл		135 000	
			2026 жыл		135 000	
			2027 жыл		180 000	
38.	Көкпекті ауылында жылу көзін салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	ҰЭМ, Абай облысының әкімдігі	2 610	РБ
					290	ЖБ
39.	Курчатов қаласында жылу көзін салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ҰЭМ, Абай облысының әкімдігі	48	ЖБ
			2026 жыл		200	
			2027 жыл		200	
			2026 жыл		1 800	РБ
			2027 жыл		1 800	
40.	Аягөз қаласында жылу көзін салу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	ҰЭМ, Абай облысының әкімдігі	300	ЖБ
			2027 жыл		300	
			2026 жыл		2700	РБ
			2027 жыл		2700	
41.	Жылу көздерін (қазандықтарды) реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ЭМ, Абай облысының әкімдігі	3 852,3	РБ
			2024 жыл		62 280,7	
			2025 жыл		29 400	
42.	Орталық жылу пункттерін реконструкциялау және жылу желілерін ауыстыру	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	6 709	РБ
			2024 жыл		14 097	
			2025 жыл		18 104	
			2026 жыл		10 096	
			2027 жыл		5 932	
Электрмен жабдықтау						

43.	Семей қаласында электрмен жабдықтау желілерін салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ЭМ, Абай облысының әкімдігі	2 091,6	РБ	
			2025 жыл		11 271,6		
			2026 жыл		6 120		
			2024 жыл		ЭМ, Абай облысының әкімдігі	232,4	ЖБ
			2025 жыл			1 252,4	
			2026 жыл			680	
			2024 жыл			1 189,6	
44.	Үржар ауданында электрмен жабдықтау желілерін салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ЭМ, Абай облысының әкімдігі	2 091,6	РБ	
			2025 жыл		2 091,6		
			2024 жыл		232,4	ЖБ	
			2025 жыл		232,4		
Сумен жабдықтау және су бұру							
45.	Семей және Аягөз қалаларында су тартқыштарды, су құбыры желілерін реконструкциялау және салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	5 000	РБ	
			2025 жыл		7 300		
			2026 жыл		7 000		
46.	Абай облысының ауылдық елді мекендерінде су құбыры желілерін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	526,5	РБ	
			2024 жыл		1 529,8		
			2025 жыл		2 814		
			2026 жыл		2 290		
47.	Семей, Курчатов және Аягөз қалаларында кәріз-газарту құрылыстарын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ИИДМ, Абай облысының әкімдігі	2 660	РБ	
			2025 жыл		8 330		
			2026 жыл		6 590		
			2027 жыл		1 920		
			2025 жыл		4 500	БК	
			2026 жыл		4 500		
			2027 жыл		3 000		
Қаланы дамыту							
48.	Семей қаласының бас жоспарын әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	1 200	ЖБ	
	Аумақтардың қала құрылысын жоспарлауды		2023 жыл		120		
			2024 жыл		372		
			2025 жыл		262,5		

49.	ң кешенді схемаларын және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2026 жыл	А б а й облысының әкімдігі	157,8	ЖБ
			2027 жыл		193	
6. Әлеуметтік сала						
6.1. Білім беру						
50.	Семей қаласында көпфункционалды орталық (оқушылар сарайын) салу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2023 жыл	ОАМ, Абай облысының әкімдігі	500	РБ
			2024 жыл		2 000	
			2025 жыл		6 000	
51.	3 балалар лагерін салу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2024 жыл	ОАМ, Абай облысының әкімдігі	180	РБ
			2025 жыл		630	
			2026 жыл		631,2	
52.	Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен жұмыс істеп тұрған мектептерге қосымша ғимараттар салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ОАМ, Абай облысының әкімдігі	7 268	ББИҚҚ
			2025 жыл		7 268	
53.	Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен 6 шағын жинақты мектеп салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ОАМ, Абай облысының әкімдігі	2 803	ББИҚҚ
			2025 жыл		3 242	
54.	Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен Абай ауданы Қарауыл ауылының "А б а й атындағы	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	ОАМ, Абай облысының әкімдігі		ББИҚҚ

	мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты " КММ үшін 200 орынға арналған интернат салу				985	
55.	2100 орынға арналған 9 балабақша салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	1 507	МЖӘ
			2025 жыл		2 958	
			2026 жыл		2 958	
			2027 жыл		2 961,4	
56.	"М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж" КМҚК аумағында 300 орынға арналған концерт залын салу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	32,8	ЖБ
			2024 жыл		1 022,7	
57.	Мектептерді жаңғырту	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	500	ЖБ
			2024 жыл		500	
			2025 жыл		500	
			2026 жыл		500	
			2027 жыл		500	
58.	Білім беру объектілерін жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	1 374	ЖБ
			2024 жыл		1 000	
			2025 жыл		1 000	
			2026 жыл		2 000	
			2027 жыл		2 000	
59.	Жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернаттарды жаратқандыру	орындалған жұмыстар актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	204	ЖБ
	Көкпекті ауданының " М. Әуезов атындағы орта мектебі" КММ-де интернат ғимаратын шағын орталық етіп					

реконструкци  
ялау











60.

пайдалануға  
беру актісі

2024 жыл

А б а й  
облысының  
әкімдігі

490

ЖБ











61.	Семей қаласында ең үздік батыс университеттерінің бірінің филиалын ашу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2024 жыл	ҒЖБМ, Абай облысының әкімдігі	талап етілмейді	
			2025 жыл			
			2026 жыл			
			2027 жыл			
	Облыстың жоғары оқу орындарының		2023 жыл			
			2024 жыл			

62.	жанынан ашылатын ІТ – бағыттағы және тілдерді тереңдетіп оқыту мектептерінде мемлекеттік тапсырыс орналастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2025 жыл	ҒЖБМ, ОАМ, А б а й облысының әкімдігі	жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде	РБ
63.	Мемлекеттік білім беру тапсырысын 500 грантқа ұлғайту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2023 жыл	ҒЖБМ, А б а й облысының әкімдігі	көзделген қаражат шеңберінде	РБ
			2024 жыл			
			2025 жыл			
			2026 жыл			
			2027 жыл			
6.2. Денсаулық сақтау						
64.	Семей қаласында университетті к аурухана салу	пайдалануға беру актісі	2027 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	Т Э Н шеңберінде нақтыланатын болады	БК
65.	Семей қаласында 4 0 0 төсек-орынға арналған облыстық көпбейінді аурухана салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	255	ЖБ
			2024 жыл		1 250	
			2025 жыл		1 250	
			2026 жыл		2 500	РБ
			2024 жыл		11 250	
			2025 жыл		11 250	
			2026 жыл		22 500	
66.	Семей қаласында емханасы бар 300 орынға арналған көпбейінді балалар ауруханасын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	52	ЖБ
			2024 жыл		925	
			2025 жыл		925	
			2026 жыл		1 850	РБ
			2024 жыл		8 325	
			2025 жыл		8 325	
			2026 жыл		16 650	
67.	Семей қаласында облыстық қан орталығын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	50	ЖБ
			2024 жыл		167,5	
			2025 жыл		167,5	
			2026 жыл		335	РБ
			2024 жыл		1 507,5	
			2025 жыл		1 507,5	
			2026 жыл		2 907	
	Семей қаласындағы		2023 жыл		84,2	ЖБ

68.	перинаталдық орталықты жаңғырту	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	84,2	РБ
			2023 жыл		757,4	
			2024 жыл		757,4	
69.	Семей қаласының оң жағалау бөлігінде 300 келушіге арналған емхана салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	45	ЖБ
			2024 жыл		160	
			2025 жыл		160	РБ
			2024 жыл		1 440	
			2025 жыл		1 440	
70.	Семей қаласының сол жағалау бөлігінде 300 келушіге арналған емхана салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ДСМ, Абай облысының әкімдігі	45	ЖБ
			2024 жыл		160	
			2025 жыл		160	РБ
			2024 жыл		1 440	
			2025 жыл		1 440	
<b>6.3. Мәдениет және спорт</b>						
71.	"Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы шеңберінде ауылдарда мәдениет объектілерін салу және реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ҰЭМ, МСМ, Абай облысының әкімдігі	15	ЖБ
			2024 жыл		125	
			2025 жыл		105	
			2026 жыл		110	РБ
			2027 жыл		55	
			2024 жыл		225	
			2025 жыл		720	
			2026 жыл		988	
			2027 жыл		492	
72.	"Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы шеңберінде жүзу бассейні мен 5 спорт модулін салу	орындалған жұмыстар актісі	2025 жыл	ҰЭМ, МСМ, Абай облысының әкімдігі	134	ЖБ
			2026 жыл		64	
			2027 жыл		64	РБ
			2025 жыл		1 212	
			2026 жыл		573	
			2027 жыл		573	
73.	Семей қаласында мұз сарайын салу	орындалған жұмыстар актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	4 400	БК
			2025 жыл		4 400	
74.	Семей қаласында 80 адамға арналған қонақүйі бар спорт кешенін салу	орындалған жұмыстар актісі	2026 жыл	Абай облысының әкімдігі	3 000	БК
			2027 жыл		3 000	
<b>6.4 Әлеуметтік қорғау</b>						
			2023 жыл		50	

75.	Үржар ауданының Ақжар ауылындағы "Үржар балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" КММ қазіргі ғимаратына 2 қабатты жапсарлас құрылыс салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	419,1	ЖБ
76.	Семей қаласында 150 төсек-орынға арналған балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесін салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі, Еңбекмині	4 000	РБ
					400	ЖБ
					4 000	РБ
			2025 жыл		400	ЖБ
77.	Аягөз қаласында 150 төсек-орынға арналған тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларды оңалту және бейімдеу орталығын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі, Еңбекмині,	4 000	РБ
					400	ЖБ
					4 000	РБ
			2025 жыл		400	ЖБ
78.	Әлеуметтік қорғау объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	120	ЖБ
			2024 жыл		100	
			2025 жыл		100	
			2026 жыл		100	
			2027 жыл		100	
			2023 жыл		200	

79.	Әлеуметтік қорғау объектілерін жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	2024 жыл	А б а й облысының әкімдігі	100	ЖБ
			2025 жыл		100	
7. Азаматтық қорғауды қамтамасыз ету						
80.	Үржар ауданының Қабанбай ауылында 2 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	А б а й облысының әкімдігі	25	ЖБ
			2024 жыл		800	
81.	Семей қаласында Қарағайлы тұрғын алабында 4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	25	ЖБ
			2024 жыл		75	
			2025 жыл		75	
			2024 жыл		675	РБ
2025 жыл	675					
82.	Семей қаласының Қызыл Кардон ауданында 4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	25	ЖБ
			2025 жыл		75	
			2026 жыл		75	
			2025 жыл		675	РБ
			2026 жыл		675	
83.	Семей қаласының Восход кентінде 4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	25	ЖБ
			2026 жыл		75	
			2027 жыл		75	
			2026 жыл		675	РБ
			2027 жыл		675	
84.	Аягөз қаласында 4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	25	ЖБ
			2026 жыл		75	
			2027 жыл		75	
			2026 жыл		675	РБ
			2027 жыл		675	
85.	Құлақтандыру жүйесі бар аудандық басқару		2024 жыл		59,9	ЖБ

	пульттерінің 9 жиынтығын енгізу	қабылдау-тапсыру актісі		Абай облысының әкімдігі		
86.	Дабылды-сөйлелу құрылғыларының 160 жиынтығын енгізу	қабылдау-тапсыру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	236	ЖБ
			2025 жыл		236	
			2026 жыл		236	
			2027 жыл		236	
87.	Семей қаласында жедел-құтқару жасағы үшін ғимарат салу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	13	ЖБ
			2027 жыл		65	
			2027 жыл		585	РБ
88.	Семей қаласында әуе кемелері мен техникалық қызмет көрсетуге арналған ангар салу	пайдалануға беру актісі	2025 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	90	МБ
			2027 жыл		810	РБ
89.	Абай облысы әкімінің қалалық қосалқы басқару пунктін күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	250	ЖБ
90.	Абай облысы әкімінің қаласы сыртындағы қосалқы басқару пунктін күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	Абай облысының әкімдігі	475	ЖБ
			2025 жыл		475	
91.	Абай облысы әкімінің жылжымалы басқару пунктін сатып алу	қабылдау-тапсыру актісі	2025 жыл	Абай облысының әкімдігі	505	ЖБ
	Жаңа аймақтың жағалауын қоса алғанда, Алакөл		2025 жыл		7 200	РБ
			2026 жыл		7 200	
			2027 жыл		8 100	
			2025 жыл		800	

92.	көлінің жағалауында жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу	пайдалануға беру актісі	2026 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	800	ЖБ
			2026 жыл		900	
93.	"Бобровка" саяжай алабы ауданындағы Ертіс өзенінің сол жағалау сызығының жағалауын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	2023 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	13	ЖБ
			2024 жыл		70	
			2024 жыл		630	РБ
94.	"Орлиное гнездо" кафесі ауданында Ертіс өзенінің 1000 м жағалау сызығының жағалауын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	2024 жыл	ТЖМ, Абай облысының әкімдігі	14	ЖБ
			2025 жыл		90	
			2025 жыл		810	РБ

8. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп

95.	Абай облысының полиция департаменті үшін автокөлікті, арнайы техниканы және техникалық құралдарды сатып алу	қабылдау-тапсыру актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	366	ЖБ
			2024 жыл		200	
			2025 жыл		200	
			2026 жыл		200	
			2027 жыл		200	
96.	Көліктегі полиция департаментінің Семей станциясындағы желілік полиция бөлімі ғимаратын салу	қабылдау-тапсыру актісі	2024 жыл	ИМ	30	РБ
			2025 жыл		634	
			2026 жыл		984	
	Семей қаласында Қазақстан Республикасы		2024 жыл		57	

97.	ның Ұлттық ұланы үшін 300 орынға арналған казарма салу	қабылдау-тапсыру актісі	2025 жыл	ИИМ	1 678	РБ
98.	Семей қаласында Абай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ғимараттар кешенін салу	қабылдау-тапсыру актісі	2024 жыл	ИИМ	82	РБ
			2025 жыл		750	
			2026 жыл		250	
99.	Семей қаласында 400 орынға арналған тергеу изоляторының ғимараттар кешенін салу	қабылдау-тапсыру актісі	2024 жыл	ИИМ	56	РБ
			2025 жыл		5 250	
			2026 жыл		3 250	
100.	Семей қаласында 100 орынға арналған қауіпсіздік деңгейі төмен мекеменің ( колония-қоныс ) ғимараттарын салу	қабылдау-тапсыру актісі	2025 жыл	ИИМ	151	РБ
			2026 жыл		1 250	
			2027 жыл		750	
9. Экология						
101.	Семей қаласында Т Қ Қ полигонын салу	пайдалануға беру актісі	2024 жыл	ЭТРМ, Абай облысының әкімдігі	2 313	РБ
			2025 жыл		1 134	
			2023 жыл		100	ЖБ
			2024 жыл		141	
			2025 жыл		142	
102.	Қоқыс сұрыптау желісін орналастыру үшін Семей қаласындағы Т Қ Қ полигонында құрылыс ( ангар) салу	пайдалануға беру актісі	2023 жыл	Абай облысының әкімдігі	100	ЖБ
			2024 жыл		1 000	
			2025 жыл		1 092,4	

\* республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың көлемі әкімдік бюджет заңнамасына сәйкес қажетті құжаттаманы ұсынған кезде тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде белгіленетін болады.

### Қаржыландыру көлемі

Қаржыландыру көзі	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	Барлығы
Республикалық бюджет	33 302,7	167 592,6	162 504,9	110 719,2	40 486	514 605,4
Жергілікті бюджет	18 320,1	26 816,1	24 460,1	22 820,8	17 835,4	110 252,5
МЖӘ	0	1 507	2 958	2 958	2 961,4	10 384,4
Басқа көздер (жеке инвестициялар)	37 602,8	80 162,5	167 260	198 844	756 500	1 240 369,3
ББИҚҚ	0	10 071	11 495	0	0	21 566
Барлығы	89 225,6	286 149,2	368 678	335 342	817 782,8	1 897 177,6

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Алел" ҚИК" АҚ	–	"Алел" қаржы инвестициялық корпорациясы" акционерлік қоғамы
АШМ	–	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ББИҚҚ	–	Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры
БК	–	басқа көздер
гкал	–	гигакалорий
ҒЖБМ	–	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ДСМ	–	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Еңбекмині	–	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ЖБ	–	жергілікті бюджет
ЖӨӨ	–	жалпы өңірлік өнім
ЖШС	–	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖЭО	–	жылу электр орталығы
ЖЭС	–	жел электр станциясы

ИИДМ	—	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
"KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ	—	"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
км	—	километр
КМҚК	—	коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
КММ	—	коммуналдық мемлекеттік мекеме
Қаржымині	—	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
"ҚТЖ" ҰК" АҚ	—	"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
МВт	—	мегаватт
МЖӘ	—	мемлекеттік-жекешелік әріптестік
млрд	—	миллиард
МӘМС	—	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
МСМ	—	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
НКИ	—	нақты көлем индексі
ОАМ	—	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
РБ	—	республикалық бюджет
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	—	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
ТЖМ	—	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ТҚҚ	—	тұрмыстық қатты қалдықтар
ТМККБК	—	тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
трлн	—	триллион
ТЭН	—	техникалық-экономикалық негіздеме
ҰЭМ	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЦДИАӨМ	—	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ШОБ	—	шағын және орта бизнес
ІІМ	—	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ЭТРМ	–	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ЭМ	–	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК